

Нуркенова Г. К.¹, Есмагулова А. А.¹

«Bolashaq» Академиясы¹

Жакина Гульдана Карибаевна²

ҚМҚК «Шаңырақ» бөбекжайының тәрбиешісі²

Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазақстан

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың танымдық қабілеттерін арттырудағы инновациялық технологиялардың мүмкіндіктері

Егемен еліміздің ертеңіне өз үлесімізді қосқымыз келсе, балабақшадан бастау алып, бала бойына танымдық қабілет дарыту міндетіміз. Қай ғасырда болсын ұлт өнерін өркендетуші сапалы, салауатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу-қоғам алдында әрбір тәрбиеші ұстаздың басты міндеті болып саналады.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытты дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды деп дана халқымыз бекерден бекер айтпаса керек.

Инновациялық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамасымен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерістердің инновациялығы – мектеп жасына дейінгі балалардың тиімді дамуына себін тигізетін жаңа технологияларды мақсатты ендіруінде болып табылады.

Педагогикалық технологиялар міндетті түрде таным белсенділігінің негізін – ізденгіштігін; өз бетімен шығармашылық (ойлау, көркемдік) және әртүрлі іс-

әрекет түрлерінде табысты болуға мүмкіндік беретін келесідей міндеттерді орындауы қажет:

- интеллектуалдық және тұлғалық дамуы ретінде шығармашылық қиял – елесі;
- коммуникативтік – ересектермен және құрдастармен сөйлесу қабілеті;
- рефлексия қабілеті – басты тұлғалық қасиеттердің бірі ретінде;
- өзін тануы мен ұғынуы (іс-әрекеттер, сөйлеу тәртібі, сезім, жағдай, қабілеттілік) шешу қабілетін дамытуы керек.

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың танымдық қызығушылығы мен қабілеттерін арттыруда ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудың маңызы ерекше болып табылады. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Балабақшада ақпараттық технологияны пайдалану арқылы бала танымын жан-жақты дамытуға болады. Мысалы: мультимедиялық оқулықтарды балабақшада пайдаланар болсақ, оқу іс-әрекеттерін жоғарғы дәрежеде жүзеге асыруға болар еді. Мұндай жағдайда тәрбиеші бала тәрбиесімен айналысқанда әр түрлі шара, оқу іс-әрекеттер өткізер алдында жиі-жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Бұндай оқулықтар пайдалану алдымен балалардың қызығушылығын арттырып, оқу іс-әрекеттерге деген танымын, белсенділігін арттыра түсер еді. Мультимедиялық оқулықтар болса балабақша бүлдіршіндеріне арналған таптырмас құрал еді. Ақпараттық-технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Жобалау технологиялары – бала мен педагогтың бірлесіп жүзеге асыратын эксперименттік әрекетін құру. Жобалық іс-әрекет – бұл білім беру мазмұнының кез келген бағыты бойынша іздеу, зерттеу, практикалық тапсырмаларын шешу үшін белгілі бір жоспарлар, белгілі бір мақсаттары бар мақсаттылық іс-әрекет. Жобалық іс-әрекет негізінде ересектер мен балалардың белгілі бір практикалық

проблеманы бірлесе жұмыс істеу үдерісінде қол жеткізілетін іс-әрекеттің нәтижеге бағыттылығы (оның барысында бала өзі үшін көптеген жаңа және бұрын білмегенді ашады) туралы идея жатыр. Бұл нәтижені шынайы практикалық іс-әрекетте көруге, зерделеуге, қолдануға болады. Мектепке дейінгі жастағылармен мынадай тақырыптарда: «Пішін, түс, көлем»; «Жыл мезгілдері», «Су», «Қар», «Құм», «Жарық пен жылу» жұмыстарды өткізуге болады. Ал ересек жаста баланың бастамашылдығы, белсенділігі, мүмкіндіктері айтарлықтай арта түседі. Бұл жас кезеңі балалардың танымдық қажеттіліктерін зерттеу, іздеу әрекеті түрінде «жаңаны» ашуға, ойлаудың өнімді түрін дамытуға бағытталған дамыту үшін маңызды.

Ойын технологиясының мектепке дейінгі мекеме балаларының танымдық қабілеттерін арттыруда маңызы зор. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Дамыта оқыту технологиясы - баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, танымдық белсенділік т.б. қасиеттер дамыту болып табылады.

Қазіргі қоғам алдында тұрған өзекті мәселелерді шешуде, яғни жан-жақты көп мәдениетті, шығармашыл, әлеуметті бейімделген тұлға қалыптастыру үшін ұстаз өзі де шығармашыл тұлға болуы тиіс. Сондықтан жаңа стандарт негізінде баланың танымын арттыру бағытында педагогтардың өз білімі мен кәсіби деңгейін жетілдіру кезек күттірмес мәселе. Олай болса келешек ұрпағымыздың

жан-жақты, терең білімді, яғни интеллектуалды деңгейін жоғары болуына қойылатын талап зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Программа по внедрению инновационных методик и технологий дошкольных организациях, Тусупова А.Қ. Астана, 2015ж.